

Тақырыбы:

Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық сауаттылығын дамыту

**Тәрбиешілер: Ажмуратова Н.М
Толқымбекова Э.А**

Биылғы стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді

Ұйымдастырылған іс-әрекет –мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын ,соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып ,балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына ,отбасылық құндылықтарға ,патриоттық сезімге,отанға деген сүйіспеншілікке ,мәдени –әлеуметтік нормаларға баулу ,қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы ұйымдастыратын іс –әрекет.

Әрі қарай танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым –қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды,ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді,олардың түсін,көлемін,пішінін ажыратып салыстыруға баулу көзделеді.Баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп,зерттеп,өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беру ұсынылатын болғандықтан ,педагог ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар,танымдық әңгімелер ,бейнелеу және құрастыру әрекеті,эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет,әңгіме дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым,түсініктерді еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту,ол үшін сәйкес сұрақтар қойып,балалардың жеке жауаптарын тыңда,балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне,заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

